

Алматы қ.

**№1
ӘДІСТЕМЕЛІК
КЕҢЕСТІҢ ХАТТАМАСЫ**

Әдістемелік кеңес төрайымы: Сисенбаева А.Ж.
Әдістемелік кеңес хатшысы: Турсабекова Н.Д.

Өту мерзімі: 02.10.2025ж
Қатысқандар: 29

Қатыспағандар: жоқ

№1 Әдістемелік кеңесінің күн тәртібі

№	Баяндама тақырыбы	Баяндамашы
1	2025-2026 оқу жылына қажетті нормативтік құқықтық актілері. Оқу-әдістемелік кабинет жұмысының тәртібі мен мақсаты. Әдістемелік әзірлемелер жасау нұсқаулығы. Аттестация комиссиясының жұмыс барысы. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары. Абау платформасы бойынша жұмыс	Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Сисенбаева А.Ж.
2	Графика және жобалау пәні оқытушысы Утеген Г.У. - «Сабақ барысында WonderSlide және DreamFace платформаларын қолдану» тақырыбында ЖИ арқылы тәжірибемен бөлісу	Графика және жобалау пәні оқытушысы Утеген Г.У.
3	Оқытушылардың эмоциялық жағдайы: күйзелісті жеңу және ресурс табу жолдары	Колледж психологы Тұрсынбай Г.Б.
4	Әртүрлі	

Тыңдалды:

1. Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары 2025–2026 оқу жылында білім беру үдерісін ұйымдастыру барысында басшылыққа алынатын негізгі нормативтік-құқықтық актілермен таныстырды. Сонымен қатар, оқу-әдістемелік кабинет жұмысының негізгі мақсаты мен тәртібі, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту және оқу процесін әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету бағыттары туралы мәлімет берілді.

Педагогтерге әдістемелік әзірлемелерді дайындау тәртібі мен талаптары, олардың құрылымы мен мазмұны түсіндірілді.

Сонымен қатар, аттестация комиссиясының жұмыс барысы, педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары туралы ақпарат беріліп, аттестацияның педагогтердің

кәсіби дамуы мен біліктілік санатын арттырудағы маңыздылығы атап өтілді. Жауапты маман Абау платформасының мүмкіндіктері туралы ақпарат беріп, оның оқу процесінде қолданылу жолдарын таныстырды. Платформа арқылы педагогтер оқу материалдарын жүктеп, білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау және кері байланыс ұйымдастыру мүмкіндігі бар екендігі атап өтілді.


2. Графика және жобалау пәнінің оқытушысы Утеген Г.У. «Сабақ барысында WonderSlide және DreamFace платформаларын қолдану» тақырыбында жасанды интеллект құралдарын пайдалану тәжірибесімен бөлісті. Сабақ барысында визуалды материалдарды дайындау, презентациялар құру және студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында аталған платформаларды тиімді қолдану жолдарын көрсетті. Жасанды интеллект құралдарын қолдану сабақтың мазмұнын қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік беретіні атап өтілді.


3. Колледж психологы оқытушыларға арналған «Оқытушылардың эмоциялық жағдайы: күйзелісті жеңу және ресурс табу жолдары» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Тренинг барысында педагогтердің эмоционалдық күйін тұрақтандыру, кәсіби күйзелістің алдын алу және ішкі ресурстарды дамыту жолдары қарастырылды.

4. Сонымен қатар колледжде жас педагогтармен жұмыс жүйелі түрде жүргізіліп жатқаны атап өтілді. Жас мамандардың кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында тәжірибелі педагогтар арасынан тәлімгерлер бекітіліп, оларға әдістемелік және практикалық қолдау көрсетілуде. Жас педагогтардың педагогикалық шеберлігін арттыру мақсатында ашық сабақтар, өзара сабақтарға қатысу, әдістемелік кеңестер, семинарлар мен тренингтер ұйымдастырылып келеді. Бұл жұмыстар жас мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға, заманауи оқыту әдістерін меңгеруіне және оқу үдерісінің сапасын арттыруға бағытталған.

Шешімі

1. 2025–2026 оқу жылына арналған нормативтік-құқықтық актілер педагогикалық ұжымның басшылыққа алуына ұсынылсын. Оқу-әдістемелік кабинет жұмысының тиімділігін арттыру және педагогтердің әдістемелік жұмыстарын жетілдіру бойынша жұмыстар жалғастырылсын. Педагогтерге әдістемелік әзірлемелерді дайындау барысында белгіленген талаптар мен нұсқаулықтарды сақтау ұсынылсын. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу жұмыстары бекітілген қағидалар мен талаптарға сәйкес жүргізілсін. Абау платформасын оқу процесінде тиімді пайдалану педагог қызметкерлерге ұсынылсын.
2. Оқу процесінде жасанды интеллект құралдарын қолдану тәжірибесін педагогикалық ұжым арасында тарату жұмыстары жалғастырылсын.
3. Педагогтердің психологиялық саулығын сақтау және кәсіби күйзелістің алдын алу мақсатында психологиялық тренингтер мен қолдау шаралары жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
4. Колледжде жас педагогтармен жүргізіліп жатқан жұмыстар жалғастырылып, олардың кәсіби дамуына бағытталған тәлімгерлік, әдістемелік қолдау және тәжірибе алмасу жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:  Сисенбаева А.Ж.

Әдістемелік кеңес хатшысы:  Турсабекова Н.Д.